Бекітемін _____

ЖШС-нің меңгерушісі К.С.Татпенова

«Жұлдыздар мекені» бөбекжай-балабақшасы

№1 педагогикалық кеңес 27.08.2021 жыл

Перспективалық жоспар

Ортаңғы «Қызғалдақ» тобы

Тәрбиешісі: Татпенова Гульзада

Бекітемін_______________
Меңгеруші:_______________
(тегі, аты, әкесінің аты)

ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАР
Қыркүйек айы
Өтпелі тақырып «Балабақша»

Мақсаты: балалардың бойында балабақшаға, достарына сүйіспеншілік сезімді қалыптастыруға, бірлескен әрекетке қызығушылықты дамыту

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5) Орыс тілі (0,5)	**Таным** Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Музыка (1,5с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 1-3 қыркүйек	**Дене шынықтыру** **Күні**________ 1.Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. **Күні** 1.09 2.Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. **Күні** 2.09 3.Сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 4-6 м арқашықтыққа еңбектеу. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 7.09 «Менің тобым» Топ бөлмелері мен топтағы заттарды, заттардың бөлшектерін ажыратып атауға, сөздегі дыбыстарды анық айтуға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 2.09 «Балабақша» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп оқиғаны эмоционалды қабылдауға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 7.09 «Көп», «Біреу» Ұғымдарымен таныстыру, топтағы заттардан бір немесе көп заттарды тауып көрсетуге, топтағы біртекті заттардан топтар құрастыруға одан біреуін бөліп көрсетуге үйрету. үйрету. **Құрастыру** **Күні** 3.09 «Орындықтар» Әртүрлі құрылыс материалдарымен таныстыру, әртүстегі бөлшектерден орындықтың құрылысын құрастыруға үйрету. **Жаратылыстану** 1.09 «Балабақша ауласы» Балабақшаның ауласындағы өсімдіктерді, ағаштарды, гүлдерді бақылау жасау, олардың өзіне тән белгілерін байқап, сипаттай білуді үйрету.	**Сурет салу** **Күні** 6.09 «Балабақша» Түрлі бағытта түзу сызықтарды олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету, балабақша ауласындағы жолды ондағы гүлзардың суретін салу **Мүсіндеу** **Күні** 09 «Доптар» Ермексаз және сазбалшықтың қасиетерімен танысу дағдыларын жетілдіру, олардың кесектерін домалату, ширату, созу тәсілдерін үйрету арқылы доп жасау Күні: 1.09. жапсыру. Тақ: шкаф.	
2 ап та 6-10 қыркүйек	**Дене шынықтыру** **Күні** 6.09 1.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. **Күні** 8.09. 2.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. **Күні** 9.09 3.Сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 14.09 «Достық» туралы түсінік беру, зат есімдердің жекеше түрін қолдануға, ересектердің сөзін зейін қойып тыңдауға және түсінуге үйрету. 6.09, вариатив	**Математика негіздері** **Күні** 14.09 «Көп», «Біреу» ұғымдарын бекіту, заттарды бір қатарға реттілікпен солдан оңға қарай орналастыруды үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 8.09 «Көкөністер мен жемістер» Сипап сезу және дәмін тату арқылы көкөністер мен жемістерді ажыратып, атай білуге сөйлегенде: шикі, піскен, тұзды және т.б. сөздерді қолдануға үйрету.	**Сурет салу** **Күні** 13.09 «Көкөністер» Домалату, ширату, созу тәсілдерін қолдана отырып, көкөністердің бейнелерін жасауға үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 10.09 «Тәрбиеші» Балабақша мен балабақша қызметкерлері туралы ұғымдарын кеңейту, балабақшаға жағымды көзқарастарын қалыптастыру

3 апта 13-17 қыркүйек	**Дене шынықтыру** **Күні** 13.09 1.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. **Күні** 15.09 2.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. **Күні** 16.09 3.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 21.09 «Ойыншықтар» туралы түсініктерін кеңейту, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 16.09 «Ойыншықтар» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың интонациясын сақтап айтуға үйрету. 13.09. ворнотив	**Математика негіздері** **Күні** 21.09 «Шеңбер және шаршы» Балаларды геометриялық пішіндер шеңбер және шаршымен таныстыру, олардың пішінін қолмен ұстап көру арқылы зерттеуге үйрету **Құрастыру** **Күні** 14.09 «Үйшік» Кірпіштерді қалау арқылы ойыншық үйдің құрылысын құрастыруды үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 15.09 «Көкөністерді, жемістер мен саңырауқұлақтар» Оларды жинау туралы түсінік беру, олармен ойыншықтарды қоректендіруді үйрету (куыршақты жемістермен, қояны сәбізбен)	**Сурет салу** **Күні** 20.09 «Сүйікті ойыншығым» Түзу сызықтарды түрлі бағытта салуды жетілдіру, сүйікті ойыншығының суретін салу. күні: 16.09. мүсіндеу: Тақ: дәптар	
4 апта 20-24 қыркүйек	**Дене шынықтыру** **Күні** 20.09 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. **Күні** 22.09. 2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. **Күні** 23.09. 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 28.09 **Күні** «Жиһаздар» туралы түсініктерін кеңейту, сөздік қорды заттардың қасиетін білдіретін сөздермен толықтыруға үйрету. 20.09. ворнотив	**Математика негіздері** **Күні** 28.09 «Заттарды салыстыру» Ұзындығы бойынша түрлі заттарды салыстыруға, ұзын, қысқа сөздерін қолдануға үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 22.09 « Көкөністер мен жемістер» туралы түсініктерін кеңейту, көкөністер мен жемістерді топтастыра білуге үйрету (сәбіз, қияр, қызанақ, алма, алмұрт, апельсин), қоршаған табиғатқа қызығушылығын қалыптастыру	**Сурет салу** **Күні** 27.09 «Шкаф» Түзу сызықтарды қиылыстыру арқылы шкафтың суретін салуды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 24.09 «Көкөністер мен жемістер» Өлі және тірі табиғат туралы білімдерін, көкөністер мен жемістер туралы қарапайым түсініктерін, бөлме өсімдіктерінің түрлері мен ерекшеліктері туралы білімдерін қалыптастыру
5 апта 27.09-1.10	27.09. 1.Денсаулық тірғ. 27.09. сурет салу. 27.09. ворнотив.	23.09. сөйлеуді дамыту	29.09. жаратыс-ғ.	30.09. денсаулық. 30.09. мүсіндеу.	

ҚАЗАН АЙЫ

Өтпелі тақырып «Менің отбасым»

Мақсаты: отбасы, ана, әке, әже, ата, аға, әпкенің рөлі; отбасы мүшелерінің еңбек міндеттері; отбасындағы оң өзара қарым- қатынас, өзара көмек, отбасының барлық мүшелеріне сүйіспеншілік туралы түсініктерін кеңейтуге ықпал ету

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 4-8 қазан	**Дене шынықтыру** **Күні** 4.10 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. **Күні** 6.10 2.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. **Күні** 7.10 3.Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 5.10 «Отбасы мүшелері» туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. **Көркем әдебиет** **Күні** 30.09 «Отбасы» туралы түсінігін кеңейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету 4.10. бормотив.	**Математика негіздері** **Күні** 5.10 «Салыстыру» Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету. **Құрастыру** **Күні** 8.10 «Үйшік» Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру **Жаратылыстану** **Күні** 6.10 «Күз» Күз мезгілінің негізгі ерекшеліктерін: аспанның бұлттануы, жаңбыр, жапырақтардың түсуі, күннің суытуын бақылау	**Сурет салу** **Күні** 4.10 «Үйшік» Асфальтқа түрлі-түсті борлармен үйдің суретін салуды үйрету **Мүсіндеу** **Күні** 14.10 «Азық-түлік» Дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерімен азық-түлік тағамдарын мүсіндеуге үйрету	8.10. бормотив орта - «көкөністер мен жемістер»
2 апта 11-15 қазан	**Дене шынықтыру** **Күні** 11.10 1.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. **Күні** 13.10 2.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затқа тигізіп секіру. Қарама- қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. **Күні** 14.10 3.Тапсырманы орындай отырып, сапта бірінің артынан бірі жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.«Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 12.10 «Өз үйім» Өзінің тұратын көшесі туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, зат есімдерді жекеше, көпше қолдануға үйрету. 11.10. бормотив	**Математика негіздері** **Күні** 12.10 «Геометриялық пішіндер» Геометриялық пішін үшбұрышпен таныстыру, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеу **Жаратылыстану** **Күні** 13.10 «Күн» Күн туралы түсініктерін кеңейту: күннің көзінен жылу мен жарық тарайтындығын бақылау, талдау жасай білуге үйрету.	**Сурет салу** **Күні** 11.10 «Үйшік» Бірнеше тік сызықтарды салу арқылы асфальтқа түрлі-түсті борлармен үй қабырғаларын суретін салуды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 27.10 «Отбасы мүшелері» Отбасылық суреттерді қарастыруға және отбасы мүшелері мен олардың әрекеттерін, қазақ және басқа халықтардың тұрмыстық заттарын атауға үйрету

3 апта 18-22 қазан	**Дене шынықтыру** **Күні** 18.10 1.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. **Күні** 20.10 2.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. **Күні** 21.10 3.Тізені жоғары көтеріп жүру және аяқтың ұшымен жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. «Жыланша» арасы алшақ тұрған заттар арасымен еңбектеу. 18.10 Воронцев.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 19.10 «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» туралы қарапайым ережелермен таныстыру, заттардың бөлшектерін ажыратуға және атауға, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету **Көркем әдебиет** **Күні** 24.10 «Үйдегі және көшедегі қауіпсіздік» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 19.10 «Бір-бірден», «бірде біреуі жоқ» ұғымдары туралы түсінік қалыптастыру, заттарды бір қатарға реті бойынша бір бағытта солдан оңға қарай оң қолымен орналастыруды бекіту **Құрастыру** **Күні** 22.10 «Көшелер» Ірі құрылыс материалдарынан көшенің құрылысын жасауға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 20.10 «Үй жануарлары» туралы білімдерін кеңейту, олардың өздеріне тән ерекшеліктерімен: немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй жануарларына күтім жасауын бақылау жасау және мысықтың тырнап алуынан, иттің тістеп алуынан сақтануды үйрету	**Сурет салу** **Күні** 18.10 «Пеш» Дайын тамақ пісіретін пештің суретін бояуға үйрету.	
4 апта 25-29 қазан	**Дене шынықтыру** **Күні** 25.10 1.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. **Күні** 27.10 2.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Допты қақпадан асыра лақтыру. Тепе- теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. **Күні** 28.10 3.Аралықты сақтай отырып жүру және жүгіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 26.10 «Күз» туралы түсініктерін кеңейту, әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдауға және түсінуге, киімдерді топтастыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. 25.10. Воронцев	**Математика негіздері** **Күні** 26.10 «Салыстыру» Биіктігі мен қалыңдығы бойынша бірдей және қарама-қарсы заттарды салыстыруға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 27.10 «Күзгі табиғат» Табиғаттың әсемдігін байқай білуді дамыту, ауа райын, ауладағы ересектердің еңбегіне бақылау жасау.	**Сурет салу** **Күні** 25.10 «Ағаштың жапырақтары» Ағаштардың дайын суретінің үстінен және жерге саусақпен салу әдісімен сары жапырақтарды орналастыру. **Жапсыру** **Күні** 27.10 «Ағаштар» Бейнеленген заттарға сәйкес түрлі түсті қағаздардан дайын пішіндерді таңдауды, желімді қылқаламға ұқыпты түрде жағуды, күздегі ағаштың бейнесін жасауды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 29.10 «Күзгі табиғат» Ауа райының жағдайын анықтай білу, күзгі табиғат құбылыстарын бақылау, табиғатқа қамқорлықпен қарауға үйрету

ҚАРАША АЙЫ

Өтпелі тақырып «Дені саудың жаны сау»

Мақсаты: баланың денсаулығын сақтауға және нығайтуға; тұрмыста, көшеде, табиғат жағдайларында қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыруға және балалардың қимыл-қозғалыс тәжірибесін негізгі қимылдарды жетілдіру арқылы байытуға, шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін пайдалана отырып, қимыл белсенділігіне қажеттілікті жетілдіру

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 1-5 қараша	**Дене шынықтыру** **Күні** 1.11 1.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыққа алға жылжи отырып секіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. **Күні** 3.11 2.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Еденге қойылған тақта бетімен еңбектеу. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. **Күні** 4.11 3.Бағытты өзгертіп жүру және жүгіру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 1.11. Бармақтив.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 2.11 «Дене мүшелері» Өзінің дене мүшесін ажыратып атауға, дене мүшелерінің атқаратын қызметтерін айтуға, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 4.11 «Дене мүшелері» Өз дене мүшелері туралы әңгімелесу, тақырыпқа сәйкес шығармадағы бейнелі сөздерді есте сақтауға үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 2.11 «Салыстыру» Заттарды ені бойынша үстіне қою және жанына қою әдістері арқылы салыстыруға үйрету **Құрастыру** **Күні** «Орындық» Әртүрлі пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыруға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 3.11 «Үй жануарлары төлдері» Олардың сыртқы келбетінің сипаттық ерекшеліктерімен, мінез-құлықтарымен, тіршілік әрекетімен таныстыру.	**Сурет салу** **Күні** 1.11 «Доп салу» Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, күннің суретін салу оны бояумен бояуға үйрету.	
2 апта 8-12 қараша	**Дене шынықтыру** **Күні** 8.11 1.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Допты екі қолымен көкірек тұсынан лақтыру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. **Күні** 10.11 2.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. 40 см биіктіктегі доғамен еңбектеу. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 11.11 3.Қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіріп жүру және жүгіру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. 8.11. Бармақтив.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 9.11 «Дәрумендер» Дұрыс тамақтану, дәрумендер туралы түсініктерін кеңейту, жалпы белгілері бойынша заттарды топтастыруға (жемістер мен азық түліктер) сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 9.11 «Кеңістікті бағдарлау» Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтауға үйрету. **Құрастыру** **Күні** 5.11. «Диван» Ұсақ құрылыс материалдарынан қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 10.11 «Балықтар» Табиғат бұрышындағы балықтарға бақылау жасау, олардың сыртқы келбетімен таныстыру, балаларды балықтарға күтім жасау әрекетіне қатыстыру.	**Сурет салу** **Күні** 8.11 «Алма» Дөңгелек пішінді салуды жетілдіру, алақанымен алманың суретін салуға үйрету **Мүсіндеу** **Күні** 4.11. «Жемістер» Элементтерді қарапайым заттарға біріктіру, ыдыстағы жемістерді мүсіндеуге үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 12.11 «Тобымыздағы ойыншықтар» Қоршаған ортаны қабылдауға, заттар, ойыншықтар, кітаптар мен ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға, кеңістікті бағдарлауға үйрету, көлік құралдарының түрлерімен таныстыру

3 апта 15-19 қараша	**Дене шынықтыру** **Күні** 15.11 1.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Екі қолмен жоғары бастан асыра лақтыру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 17.11 2.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. **Күні** 18.11 3.Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топпен қайта тұру. Тұрған орнынан ұзындыққа секіру. Допты жоғарыға лақтыру. 15.11. бақылау.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 16.11 «Көмек» Өзіне және айналасындағы адамдарға көмек көрсетуді, сөздік қорды заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен толықтыруға, кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолдануға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 18.11 «Біз осылай өсеміз» Тақырыпқа сәйкес ертегі оқып беріп оның мазмұнын түсінуге, кейіпкерлерге, оқиғаларға өзінің көзқарастарын білдіруге үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 16.11 «Шама» бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру, ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету **Құрастыру** **Күні** 19.11 «Мұнара» Ірі құрылыс материалдарынан көп түсті құрылыстарды құрастыруға үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 17.11 «Табиғат бұрышындағы өсімдіктер» Оларға күтім жасауда сәбилерді шамасы жетерлік іс-әрекетке қатыстыру (ірі жапырақтарды сүрту, гүлдерді суару).	**Сурет салу** **Күні** 15.11 «Сәбіз» Саусақпен салу әдісімен қоянға сәбіздің суретін салып беру.	
4 апта 22-26 қараша	**Дене шынықтыру** **Күні** 22.11 1.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Допты жоғарыға лақтыру. Бөренеңің үстімен еңбектеу. **Күні** 24.11 2.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Бөренеңің үстімен еңбектеу. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. **Күні** 25.11 3.Шеңбер бойлап және тоқтап жүру және жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен еңбектеу. 22.11. бақылау	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 23.11 «Денсаулық» Денсаулықты нығайтуда дене жаттығуларының маңызын түсіндіру, дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс дыбыстауды жетілдіру, сөз бен сөз ұйқастарына құрылған ойындарға қызығушылыққа тәрбиелеу.	**Математика негіздері** **Күні** 23.11 «Геометриялық пішіндер» шеңбер, шаршы, үшбұрышты ажыратып тануды және атауды бекіту. **Құрастыру** **Күні** «Жол құрастыру» Үлгі бойынша құрастыру дағдыларын қалыптастыру. **Жаратылыстану** 24.11 «Жабайы жануарлар» Танып, атай білуді және сыртқы ерекшеліктерін ажырата білуді, олардың қимылдарына еліктеп жаттығулар жасауды (қоян болып секіру, аюдай қорбаңдап жүруді) үйрету.	**Сурет салу** **Күні** 22.11 «Оюлар» Қазақ оюының дайын суретіне оның жетпей тұрған элементтерін салуға үйрету. **Жапсыру** **Күні** 3.11 «Спорт құралдары» Ересектердің даярлаған ірі және ұсақ элементтерге желімді жағып орналастыруға, тақырыпқа сәйкес спорт құралдарын жапсыруды үйрету.	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 26.11 «Үй жануарлары мен олардың төлдері» туралы білімдерін бекіту, Қазақстанда мекендейтін жабайы жануарлар туралы білімдерін, табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру

ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ

Өтпелі тақырып «Алақай қыс келді!»

Мақсаты: Балалардың қыс мезгілі және оның ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту. Қыс мезгілі өзінің аппақ қарымен, сықырлаған аязымен, көк айдын мұзымен ерекше. Жаңа жыл туралы түсініктер беру, аяз ата мен ақша қардың келуі, жаңа жылдық сыйлықтар мен мерекелік көңіл күй туралы түсінік беру.

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 29.11-3.12	**Дене шынықтыру** **Күні** 29.11. 1.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еніс тақтай бойымен еңбектеу. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау. **Күні** 2.12 2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. **Күні** 2.12 3.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. 29.11. Бақылау.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 30.11 «Алақай қыс келді» Балаларға қыс мезгілі туралы түсінік беру, сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыруға, сөйлеу әдебінің сәйкес түрлерін дұрыс қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. **Көркем әдебиет** **Күні** 2.12 «Туған жер, Отан туралы» түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақ оқып беріп оның интонациясын қабылдауға, тақпақты жатқа айтуға үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 30.11. «Дене бөліктері» Өзінің дене бөліктерін атауға және бағдарлауға үйрету **Құрастыру** **Күні** 3.12 «Гүл» Қағазды бүктеу тәсілін қолданып, қағаз бетін түрлендіруге үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 8.12 «Табиғат құбылыстары мен өлі табиғат заттары» туралы түсініктерін кеңейту, тау, өзен, көлдер туралы карапайым түсініктерін қалыптастыру.	**Сурет салу** **Күні** 29.11 «Сандықтағы оюлар» Дайын сандықтың суретін қарапайым ою элементтерімен, штрихтармен безендіруге оларды бояуға үйрету.	
2 апта 6-10 желтоқсан	**Дене шынықтыру** **Күні** 6.12 1.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. **Күні** 8.12 2.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 9.12 3.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе- теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. 6.12. Бақылау.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 7.12 «Қысқы табиғат» Туған өлке оның табиғаты, айналасындағы заттар туралы түсініктерін кеңейту, зат есімдерді көмекші сөздермен: үстінде, астында, жанында бірге қолдануға, қоршаған ортасы туралы сұрақтар қоюға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 7.12 «Тәулік бөліктері» таңертең, күндіз, кеш, түн тануға және атауға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 15.12 «Қыстағы жабайы жануарлар тіршілігі» Туған өлкені мекендейтін жабайы аңдар туралы қарапайым түсініктер беру, олардың дене бөліктерін ажыратуға үйрету.	**Сурет салу** **Күні** 6.12 «Бұлттар» Дөңгелек пішінді заттарды салуды жетілдіру, бұлттың суретін салуға және оны бояуға үйрету. **Мүсіндеу** **Күні** 2.12 «Ыдыстар» Алақан арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қимылдары арқылы кесектерді жаюды жетілдіру, ыдыстардың мүсінін жасауды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 10.12 «Қазақстаным» Балалар тұратын қала мен ауыл, Қазақстан Республикасының астанасы, мемлекеттік рәміздер туралы білімдерін қалыптастыру

3 апта 13-17 желтоқсан	**Дене шынықтыру** Күні 13.12 1Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағып алу. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Күні 15.12 2Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты тура нысанаға лақтыру. Күні 22.12 3.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Допты тура нысанаға лақтыру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 13.12. вориатив.	**Сөйлеуді дамыту** Күні 14.12 «Астана» Еліміздің бас қаласы Астана, Бәйтерек туралы түсініктерін кеңейту, сөздерді анық айтуға, зат есімдердің жекеше, көпше түрлерін қолдануға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. **Көркем әдебиет** Күні 21.12 «Астана» қаласы туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес тақпақтың сөздерін асықпай, дыбыстарды анық айтуға, бейнелі сөздерді қолдануға үйрету	**Математика негіздері** Күні 14.12 «Кеңістікті бағдарлау» Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты ажырата білуге үйрету **Құрастыру** Күні 31.12 «Әтеш» Қағазды жырту және шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіруге үйрету **Жаратылыстану** Күні 22.12 «Еліміздің бас қаласы Астананың табиғаты» әсемдігі, ауа-райының ерекшеліктері туралы түсініктерін кеңейту	**Сурет салу** Күні 13.12 «Бәйтерек» Түзу, домалақ пішіндерді салуды жетілдіру, бәйтеректің суретін салу және оны бояуға үйрету	
4 апта 20-24 желтоқсан	**Дене шынықтыру** Күні 20.12 1.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Күні 22.12 2.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Допты тура нысанаға лақтыру Күні 23.12 3.Жүрелеп жүру және «жыланша» жүгіру. Еңіс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Лақтырған допты қағып алу. 20.12. вориатив.	**Сөйлеуді дамыту** Күні 21.12 «Қыс мезгілі» туралы түсініктерін кеңейту, берілген сұрақты тыңдау және оны түсіне білуді жетілдіру.	**Математика негіздері** Күні 21.12 «Топтастыру» Біртекті заттардан топтар құрастыру және оның біреуін топтан бөлуді бекіту. **Жаратылыстану** Күні 29.12 «Жануарлардың қысқа дайындығы» туралы түсініктерін кеңейту, табиғат бұрышындағы өсімдіктер мен жануарларды бақылау	**Сурет салу** Күні 20.12 «Ту» Толқынды және түзу сызықтарды салуды жетілдіру, тудың суретін салу және оны қарапайым ою элементтерімен безендіруге үйрету **Жапсыру** Күні 22.12 «Бәйтерек пен көкбайрақ» бөліктерін қағаз бетіне жапсыруды, желім қалдықтарын қағаз майлықпен сүртуді үйрету.	**Қоршаған ортамен таныcу** Күні 24.12 «Өсімдіктер мен көкөніс, жемістер» Туған өлкенің кейбір өсімдіктері, көкөністері мен жемістері, туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, жергілікті аймақта өсетін 2-3 ағаштардың түрлерін танып, атауға үйрету
5 апта 27-31 желтоқсан	27.12. сурет салу. «Ту»	28.12. мотем-о «кеңіс-к. бағ-у» 28.12. сөйл.дам. «Астана»	29.12. Жарат-у. жану-р қысқа дайын-ғы»		

ҚАҢТАР АЙЫ

Өтпелі тақырып «Қысқы табиғат әлемі»

Мақсаты: тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстары, маусымдық өзгерістер, өсімдіктер туралы білімдерін кеңейтуге; жануарлар, жәндіктер мен өсімдіктердің барлық түрлерін сақтаудың қажеттілігі туралы түсініктерін қалыптастыруға; табиғатпен тікелей байланысты тәжірибені игеруге; қоршаған ортаға ұқыпты қарауды және тіршілік ету ортасының маңызын түсіну

	Денсаулық Дене шынықтыру (3сағат)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері(1 с) Жаратылыстану (1с) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 3-7 қаңтар	**Дене шынықтыру** **Күні** 5.01 1.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Лақтырған допты қағып алу. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 6.01 2.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Бөрененің үстімен еңбектеу. **Күні** _____ 3.Бұрылып жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Бөрененің үстімен еңбектеу.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 5.01 «Өсімдіктер» олардың адамға пайдасы туралы түсініктерін кеңейту,айтылған сөздерді зейін қойып тыңдауын және тілдегі дыбыстарды дұрыс айта білуін жетілдіру. **Көркем әдебиет** **Күні** 6.01 «Өсімдіктер» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес әңгіме оқып беріп, оның мазмұнын түсінуге және рөлдерді ойнағанда кейіпкерлердің мінездерін бере білуге үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 5.01 «Біреу», «Көп» ұғымдарын ажырату дағдыларын жетілдіру **Құрастыру** **Күні** 10.01 «Гүлзар» Әртүрлі түстегі құрылыс материалдарынан құрастыруды жетілдіру, аалада гүл егетін гүлзардың құрылысын құрастыру оны гүлдермен шөптермен безендіруге үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 5.01 «Өсімдіктер» туралы қарапайым түсініктерін қалыптастыру, олардың түрлерімен таныстыру	**Сурет салу** **Күні** 6.01 «Гүлдер» Саусақпен сурет салуды жетілдіру, гүлдердің суретін салу.	
2 апта 10-14 қаңтар	**Дене шынықтыру** **Күні** 10.01 1.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Бөрененің үстімен еңбектеу. Лақтырған допты қағып алу. **Күні** 12.01 2.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Лақтырған допты қағып алу. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру. **Күні** 13.01 3.Төбешікке шығып және одан түсіп саппен жүру және тұтас топпен сапқа қайта тұру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтай бойымен жүру.Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. 10.01. бөренеден	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 11.01 «Жануарлар әлемі» туралы түсініктерін кеңейту, олардың дене бөліктерін ажырату және атау, дұрыс сөйлеу қарқынын сақтауға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.	**Математика негіздері** **Күні** 11.01 «Салыстыру» Екі тең немесе тең емес заттар тобын салыстыруға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 12.01 «Үй және жабайы жануарлар» Олардың тіршілік ету ортасы, олардың өзіне тән ерекшеліктерін салыстыруға үйрету, жануарлардың тіршілік етуі үшін қорек, ауа, су, жылу қажет екендігі туралы түсінік беру	**Сурет салу** **Күні** 10.01 «Қозы» Дайын ойыншық қозының сұлбасына аяқтарын, көздерін, құлақтарын, аузын салып жалғастырып, суретін салуға үйрету **Мүсіндеу** **Күні** 6.01 «Гүл» Бөліктерді біріктіруді жетілдіру,гүлдің мүсінін жасауды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 14.01 «Өсімдіктер мен жануарлар, құстар» туралы түсініктерін кеңейту, оларға күтім жасауға баулу

3 апта 17-21 қаңтар	**Дене шынықтыру** Күні 17.01 1.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Күні 19.01 2.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Орындық аяқтарының арасымен еңбектеу. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Күні 20.01 3.Қол ұстасып, арқаннан ұстап жүру және алаңның бір жағынан екінші жағына жүгіру. Допты көлденең нысанаға лақтыру. Бөренеңің үстімен еңбектеу.	**Сөйлеуді дамыту** Күні 18.01 «Құстар» туралы түсініктерін кеңейту, үй құстарын топтастыру, олардың өздеріне тән ерекшеліктерін атай білуге үйрету. **Көркем әдебиет** Күні 20.01 «Құстар» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес өткен таныс шығарманы суреттерден тануға, оның мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету 17.01. Көркемдеу.	**Математика негіздері** Күні 18.01 «Ұзындығын салыстыру» Екі қарама-қарсы заттарды ұзындығы бойынша салыстыруды жетілдіру **Құрастыру** Күні 21.01 «Құстың ұясы» Ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыруды жетілдіру, олардан құстың ұясын жасауға үйрету **Жаратылыстану** Күні 19.01 «Үй құстары» туралы балалардың білімдерін кеңейту: әтеш, тауық, балапан олардың ерекшеліктерін бақылау (немен қоректенеді, қалай қимылдайды, қандай дыбыстар шығарады, ересектердің үй құстарына күтім жасауы туралы).	**Сурет салу** Күні 17.01 «Балапан» Дөңгелек пішіндерді салуды жетілдіру, балапанның суретін салуды үйрету	
4 апта 24-28 қаңтар	**Дене шынықтыру** Күні 24.01 1.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Бөренеңің үстімен еңбектеу. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Күні 26.01 2.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Еніс тақтай бойымен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. Күні 27.01 3.«Жыланша» заттарды айналып өтіп жүру және жүгіру. Допты екі қолмен жоғарыға лақтыру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 24.01. Көркемдеу.	**Сөйлеуді дамыту** Күні 25.01 «Қыстағы табиғат» көрінісі мен адамдардың киімдері туралы әңгімелесу, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін сөздермен толықтыру, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету.	**Математика негіздері** Күні 25.01 «Геометриялық пішіндер» шаршы, шеңбер, үшбұрыш туралы білімдерін нақтылау **Жаратылыстану** Күні 26.01 «Қыс мезгілі» қыстың өзіне тән белгілерімен, қардың қасиетімен, құстар мен жабайы жануарлардың тіршілігіндегі өзгерістерді таныстыру	**Сурет салу** Күні 24.01 «Шырша ойыншықтары» Жасыл шыршаның дайын суретін әртүрлі төртбұрышты, дөңгелек ойыншықтармен безендіруге үйрету. **Жапсыру** Күні 27.01 «Шыршаны безендіру» Шыршаның дайын бейнесіне қазақ ою-өрнектерін ұқыпты жапсыруды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** Күні 28.01 «Құстар» туралы түсініктерін кеңейту, табиғат бұрышының тіршілік иелері мен қыстап қалатын құстарға (торғай, шаукар, қарға, кептер) және жыл құстарына (ұзақ, қараторғай) қамқорлықпен қарауға баулу

АҚПАН АЙЫ

Өтпелі тақырып «Бізді қоршаған әлем»

Мақсаты: қоршаған ортамен өзара әрекет етуге қажетті танымдық әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерген баланың тұлғасын дамытуға, адамгершілік нормаларды сезінуге, төзімділікті және түрлі адамдарға құрмет танытуды қалыптастыруға ықпал етеді.

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері(1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 31.01-4.02	**Дене шынықтыру** **Күні** 2.02 1.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Көлденең нысанаға лақтыру. **Күні** 3.02 2.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Көлденең нысанаға лақтыру Бір аяқтан бір аяққа секіру. **Күні** 31.01 3.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Бір аяқтан бір аяққа секіру. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. 2.02. қорытынды.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 1.02 «Табиғат құбылыстары» күн, қар, жел, боран туралы түсінік беру, заттарды жалпы белгілері бойынша топтастыруға, сөйлеуде зат есімдердің жекеше, көпше түрлерін қолдануды үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату. **Көркем әдебиет** **Күні** 3.02 «Боран» қысқа өлеңді мәнерлі, мағыналы түрде эмоционалды жатқа айтуға, шығарма жанрын ажыратуға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 1.02 «Бір-бірден», «Бірде біреуі жоқ» ұғымдарына ажырату дағдыларын жетілдіру **Құрастыру** **Күні** 4.02 «Қайық» Құрылыс метериаладарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөлшектерін ажыратуға үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 2.02 «Қар» Қардың жаууын бақылау, оның ақ және үлпілдек екенін көрсету,қардың қасиетімен таныстыру: суық (қолмен ұстап көруді ұсыну), қарды алақанға салғанда еритінін, одан сырғанақ жасауға болатынын түсіндіру	**Сурет салу** **Күні** 31.01 «Күн» Алақанмен сурет салуды жетілдіру, оны бояуға малып күннің суретін салуды үйрету.	
2 апта 7-11 ақпан	**Дене шынықтыру** **Күні** 7.02 1.Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. Тура секіру. **Күні** 9.02 2.Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Тура секіру. Тура жолмен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 10.02 3.Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Тура жолмен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Бір аяқтан бір аяққа секіру. 7.02. қорытынды.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 8.02 «Көліктер» Көліктің түрлерімен таныстыру, олардың бөліктерін ажыратуға және атай білуге дағдыландыру, сөздерді жіктелуіне қарай байланыстыруға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 8.02 «Кеңістікті бағдарлау» Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: жоғары-төмен, алыс- жақын, ажырата білуді үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 9.02 «Қыстайтын құстар» оларды бақылау, оларды сыртқы белгілері бойынша ажыратуға (торғай, сауысқан), құстарға жем шашуды үйрету	**Сурет салу** **Күні** 7.02 «Көлік» Салынған көліктердің пішіндерін мақталы таяқшалармен бояуға үйрету **Мүсіндеу** **Күні** 3.02 «Тау мен ағаш» Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, тау мен оның шетінде өсіп тұрған ағашты мүсіндеу.	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 11.02 «Байланыс құралдары» Жерде жүретін және аспанда ұшатын қозғалыс құралдары туралы білімдерін кеңейту, жаяу жүргіншілерге арналған қарапайым ережелермен таныстыру, ересектерге күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді үйрету.

3 апта 14-18 ақпан	**Дене шынықтыру** **Күні** 14.02 1.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Бір аяқтан бір аяққа секіру. Көлденең нысанаға лақтыру **Күні** 16.02 2.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Көлденең нысанаға лақтыру. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. **Күні** 17.02 3.Нық қадаммен алға жүру және түрлі бағытта жүгіру. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. Алысқа лақтыру. 14.02. қорытынды	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 15.02 «Электр құралдары» Таныстыру, ол заттарды жалпы және ерекше белгілері бойынша топтастыруға, сөйлеу қарқынын өзгертіп баяу сөйлеуді үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 17.02 «Электроника құралдары" Тақырыпқа сәйкес шығармадағы оқиғаны эмоционалды қабылдауға және кейіпкерлерге жанашырлық танытуға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 15.02 «Шама, заттарды салыстыру» Бір топтағы заттарды екінші топтағы заттармен беттестіру және тұстастыру арқылы салыстыруды жетілдіру **Құрастыру** **Күні** 18.02 «Кеме» Құрылыс метериаладарының негізгі бөліктері мен бөліктердің бөлшектерін, түсі мен шамасы бойынша ажыратуға үйрету. **Жаратылыстану** **Күні** 16.02 «Өлі табиғат құбылысы» Су туралы түсініктерін кеңейту: түсі, мөлдірлігі, төгіледі және т.б., адамдарға, өсімдіктерге, жануарларға судың қажеттілігі туралы түсінік беру.	**Сурет салу** **Күні** 14.02 «Электроника құралдары" Құмға тұрмыстық электрлі заттардың суретін салуды үйрету .	
4 апта 21-25 ақпан	**Дене шынықтыру** **Күні** 21.02 Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Алысқа лақтыру.Тура жолмен жүруде тепе-теңдікті сақтау. **Күні** 23.02 Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Тура жолмен жүруде тепе-теңдікті сақтау. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. **Күні** 24.02 Нық қадаммен артқа жүру және жылдам (10-20м) жүгіру. Еденде тігінен тұрған құрсаудан еңбектеп өту. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. 21.02. қорытынды.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 22.02 «Мамандықтар» Мамандықтың түрлерімен таныстыру, олардың маңызын түсіндіру, сөздік қорды антонимдермен қарама-қарсы мағыналас сөздермен толықтыруға, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату .	**Математика негіздері** **Күні** 22.02 «Салыстыру» Заттарды ені, биіктігі мен жуандығы бойынша салыстыра білуді бекіту **Жаратылыстану** **Күні** 23.02 «Судың қасиеттері» Оның бірі - судың мұзға және мұздың суға айналуын бақылау (далаға ыдысқа су құйып алып шығу, мұзды жылы жерге кіргізу).	**Сурет салу** **Күні** 21.02 «Үйшік» Дайын үйдің сыртқы пішінін штрихтармен безендіруге үйрету **Жапсыру** **Күні** 23.02 «Көліктер» Желімді қылқаламға, дайын үлгіге мұқият жағуды жетілдіру, көліктердің дайын бейнелерін олардың арасындағы арақашықтықты сақтап жапсыруды үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 25.02 «Өлі табиғат нысандары» Күн, ауа, су, топырақ, тас және т.б. туралы түсініктерін, қоршаған ортаның нысандарына жағымды қарым-қатынасты қалыптастыру

НАУРЫЗ АЙЫ

Өтпелі тақырып «Табиғаттың гүлденуі»

Мақсаты: балалардың қоршаған орта, экологиялық мәдениет, көктемде өсімдіктердің гүлденуі туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру, табиғат құндылығы және табиғатта өзін ұстай білу ережелері туралы білімдерін дамыту, табиғатты қорғауға тәрбиелеу.

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері (1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 28.02-4.03	**Дене шынықтыру** **Күні** 28.02 1.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Биіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. **Күні** 2.03 2.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. Доғаның астымен өрмелеу. **Күні** 3.03.2022. 3.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Доғаның астымен өрмелеу. Тақтай бойымен тепе-теңдік сақтап жүру. 28.02 вариатив	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 1.03 «Бесік жыры» Бесік жырын тыңдату, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырын қайталап айтуға үйрету **Көркем әдебиет** **Күні** 3.03 «Бесік жыры» Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру, жұмбақ шешкізу, жаңылпаштарды жатқа айтқызу	**Математика негіздері** **Күні** 1.03 «Тең, тең емес» Бір топтың заттарын екінші топтың заттарымен беттестіру және тұстастыру арқылы саны және көлемі жағынан тең және тең емес заттарды салыстыруды үйрету. **Құрастыру** **Күні** 18.03 «Үй» Бөлшектерді орналастыру әдісі арқылы түрлі түсті және әртүрлі көлемдегі материалдардан үйдің құрылысын салуға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 2.03 «Бөлме өсімдіктері» туралы білімдерін кеңейту, оларды тануға, атай білуге және ажыратуға үйрету (фикус, қазтамақ, бегония)	**Сурет салу** **Күні** 28.02 «Кебежеге ою салу» Ыдыс аяқ салатын кебеженің дайын пішінін ою элементтерімен безендіруге үйрету.	
2 апта 7-11 наурыз	**Дене шынықтыру** **Күні** 5.03 1.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Тақтай бойымен тепе-теңдік сақтап жүру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. **Күні** 9.03 2.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. **Күні** 10.03 3.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. вариатив.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 9.03 «Бауырсақ» ертегісі. Балаларға таныс ертегілерді тыңдатып, өздерін рөлдерге бөліп ойнату, ондағы кейіпкерлердің дауыс ырғағын келтіріп айтуға үйрету.	**Математика негіздері** **Күні** 9.03 «Кеңістікті бағдарлау» Өзіне қатысты кеңістіктегі бағыттарды: оң-сол, алды-арты, жоғары-төмен, алыс-жақын, биік- аласа ажырата білуді жетілдіру **Жаратылыстану** **Күні** 9.03 «Жануарлар мен өсімдіктер» туралы түсініктерін кеңейту, тақырыпқа сәйкес ертегіні рөлдерге бөліп ойнату	**Сурет салу** **Күні** 5.03 «Оюлар» Қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ түстерді ажыратуды жетілдіру, жолаққа оюдың қос элементін салуды үйрету **Мүсіндеу** **Күні** 17.03 «Тостаған» Қазақтың қолөнер туындысы ағаш тостағанның мүсінін жасауға үйрету	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 11.03 «Киіз үй» Қазақ халқының дәстүрлі киіз үйімен ондағы заттармен олардың міндеттерімен және салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, заттардың сапалары мен қасиеттерін сипап сезу, дәмін көру, есту арқылы тануды қалыптастыру

3 апта 14-18 наурыз	**Дене шынықтыру** **Күні** 14.03 1.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тура нысанаға оң қолмен лақтыру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. **Күні** 15.03 2.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Тура нысанаға сол қолмен лақтыру. **Күні** 17.03 3.Өз бетінше сапқа тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тура нысанаға сол қолмен лақтыру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. 14.03. орындалды	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 13.03 «Наурыз мейрамы» Қолдан жасалған заттармен таныстыру, олардың бөліктерін ажыратуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстыруға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 17.03 «Наурыз» Тақырыпқа сәйкес халық өлеңінің ырғағы мен ұйқасын бере білуге үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 15.03 «Уақытты бағдарлау» Тәуліктің қарама-қарсы бөліктерін анықтауға үйрету **Құрастыру** **Күні** 18.03 «Үйшіктер» Ойнай отырып, сюжет бойынша құрылыстарды салуға және біріктіруге үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 16.03 «Төрт түлік» Туралы түсініктерін кеңейту, оның жүнінен жасалған заттарды қарау арқылы, жылы, жұмсақ болатынын бақылау	**Сурет салу** **Күні** 14.03 «Сандықты сәндеу» Қазақтың қол өнер туындысы сандықпен таныстыру, бұрыштарға қазақ оюының қос элементін салуды үйрету.	
4 апта 21-25 наурыз	**Дене шынықтыру** **Күні** 23.03 1.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе- теңдікті сақтау. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. **Күні** 24.03 2.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Қос аяқпен аяқтарды қосып қойып секіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. **Күні** 24.03 3.Шеңбердегі өз орнын тауып сапқа қайта тұру және баяу қарқында (50-60 сек) жүгіру. Гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және түсу. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. орындалды.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 29.03 «Көктемгі гүлдер» Көктемгі табиғат құбылыстары, адамдардың еңбектері, киімдері туралы әңгімелесу, сөздік қорды антонимдермен толықтыру, заттарды ерекше және жалпы белгілері бойынша топтастыруға үйрету, тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату.	**Математика негіздері** **Күні** 29.03 «Заттарды салыстыру» Ұзындығы, биіктігі, ені бойынша әртүрлі заттарды салыстыруды жетілдіру. **Жаратылыстану** **Күні** 24.03 «Табиғаттың гүлденуі» Көктемгі табиғат ерекшеліктерін ауа райындағы, адамдардың киімдегі қарапайым өзгерістерді бақылау	**Сурет салу** **Күні** 25.03 «Ағаштар» Қылқаламмен және бояумен сурет салуды жетілдіру, көктемгі ағаштың суретін салуды үйрету. **Жапсыру** **Күні** 24.03 «Оюлар» Қағаздың мыжылу, жыртылу қасиеттері туралы түсініктерін жетілдіру, дайын ою элементтерін қағаз бетіне симметриялы орналастыруды үйрету.	**Қоршаған ортамен танысу** **Күні** 25.03 «Көктемгі ауа-райы» Көктем мезгіліндегі ауа-райын бақылау және анықтау, ағаштарды, дала гүлдерін, кейбір көкөністер мен жемістерді, бөлме өсімдіктерін, өсімдіктердің бөліктері туралы түсініктерін кеңейту
5 апта 28.03-1.04	28.03. дене шынықтыру.	29.03. сөйлеуді дамыту.			

СӘУІР АЙЫ

Өтпелі тақырып «Көктемгі ағаштар»

Мақсаты: көктемнің келуімен табиғатта болатын өзгерістер туралы түсініктерін кеңейту, туған өлкесінің табиғатына, өсімдіктер әлемін зерттеуге қызығушылық тудыру, білуге құмарлықты, байқағыштықты дамыту

	Денсаулық Дене шынықтыру (3)	**Қатынас** Сөйлеуді дамыту (1) Көркем әдебиет (0,5)	**Таным** Математика негіздері(1) Жаратылыстану (1) Құрастыру (0,5)	**Шығармашылық** Сурет салу (1с) Мүсіндеу (0,25) Жапсыру (0,25)	**Әлеумет** Қоршаған ортамен танысу (0,5)
1 апта 4-8 сәуір	**Дене шынықтыру** **Күні** 4.04 1.Нық қадаммен алға және артқа жүру. Қос аяқпен аяқтарды алшақ қойып секіру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. **Күні** 6.04 2.Нық қадаммен алға және артқа жүру. Оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе- теңдікті сақтау. **Күні** 7.04 3.Нық қадаммен алға және артқа жүру. Арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау. Допты педагогтан 1-1,5 м арақашықтыққа лақтыру. 4.04 верещ ив.	**Сөйлеуді дамыту** **Күні** 5.04 «Гүлдермен таныстыру» Олардың бөліктерін атай білуге, қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету. **Көркем әдебиет** **Күні** 7.04 «Гүлдер таласы» ертегі. Тақырыпқа сәйкес шығарма оқып беріп, оның кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға үйрету	**Математика негіздері** **Күні** 5.04 «Теңестіру» Беттестіру және тұстастыру арқылы тең емес заттар топтарын салыстыруды жетілдіру, дөңгелек заттарды, бұрыштары бар заттарды ажыратуды жетілдіру **Құрастыру** **Күні** 8.04 «Гүлдер» Майдалап кесілген қағаз майлықтарды умаждап түрлі түсті гүлдер жасауға үйрету **Жаратылыстану** **Күні** 6.04 «Көктемгі гүлдер, ағаштар» Алғашқы көктемгі гүлдерді бақылау, гүлдерді салыстыра отырып, сыртқы белгілеріндегі ұқсастық пен айырмашылықты табу.	**Сурет салу** **Күні** 4.04 «Гүл» Асфальтқа сурет салуды жетілдіру, гүлдердің суретін салуға үйрету.	
